


«Бекітемін»

Мария

№36 М.Мәметова жалпы орта

мектебінің директоры

А.Тахирова.



Мәнерлеп оқулар

*2023-2024 оку жылына арналған
жұмыс жоспары*

Жетекшісі

Т.Жүсінбекова

Түсінік хат

Мәнерлеп оку үйірмесі 5-сынып оқушыларына арналған. Үйірме аптасына 1 сағат, жылына 34 сағатқа берілген. Бұл үйірме оқушылардың әдеби мұраларға деген талғамын тәрбиелейді, рухани дүниесін көнектеді, ақыл-оый мен ұлттық сана сезімін дамытуға ықпал жасап, ауызекі және жазба тілде байланыстырып сөйлеуін дамытады. Оқушылардың қазақ тілі, әдебиет сабактарына қызығушылықтарын арттырады.

Үйірмеге тілге шешен, өз беттерімен шығарма жазуға, өлең шығаруға икемдері бар, шығармадағы көркем бейнелердің ерекшеліктерін сезініп аша білетін оқушылар тартылады.

Үйірменің оку материалына халық ауыз әдебиеті ұлгілерін (аңыз-әңгімелер, өлеңжыр, шешендік сөздер, мысал, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдер, ертегі т.б.) сабак мазмұнына сай енгізу баланың алған білімін толықтырып, байытып жан-жақты дамуына дәйекті ықпал етеді.

Сондықтан сыныптан тыс үйірме сағатында ұлттымыздың асыл мұраларын дәріптейтіндей, жеке тұлғаны дамытып, окуға деген қызығушылықтарын оятып, адамгершілікке, ізгілікке, сыйластыққа тәрбиелеп, еркін дамуына жол ашу көзделеді.

Үйірменің мақсаты:

Оқушылардың сыныптан тыс уақытта шығармашылық ізденістерін, өзіндік қабілеттерін және қоғамдық қарым-қатынасын қалыптастырып, өзіндік талдау, жинақтау, жұмыста шапшаңдық таныту, өз ойын әдеби тілмен өрнектей білуге машықтандыру.

Үйірменің міндеті:

- Оқушылардың оку-тәрбие үрдісінде алған білімдерін әрі қарай дамытуға мүмкіндік жасап, қабілеттерін шындау;
- Көркем әдебиет жанрына байланысты өлең, шығарма жазуға дағдыларын қалыптастыру;
- Оқушылардың қоғамдық белсенділігін дамыту;
- Оқушылардың өзара қарым-қатынастарын қалыптастыру, белгілі бір еңбек түріне баулу, оны дамытуға ықпал ету.

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар ертегі, әңгіме, өлең тындауға, шығарманың мағынасын түсінуге, кейіпкерлерді бағалауға, адамгершілік қасиеттерді сипаттауға ниеттенеді. Өлеңдерді нақышына келтіріп, жатқа, мәнерлеп окуға үйренеді. Оқуға деген қызығушылықтары артады.

«Мәнерлеп оқу» үйірмесінің жылдық жұмыс жоспары
2023-2024 оқу жылы(«

№	Тақырыбы	Сағат саны	мерзімі
1	Шығармашылықта бейімі бар оқушыларды іріктеу, бейімдерін анықтау	1	
2	Ауыз әдебиетті. Түрлері	1	
3	Салт өлеңдері мен бата-тілек жырлары	1	
4	Төрт түлік мал жайындағы өлең-жырлар.	1	
5	Наурыз туралы өлеңдер.	1	
6	Макал-мәтелдерді тақырыптық жағынан іріктеу, жинау	1	
7	Шешендік сөздер. Билер сөзі - нақылдың көзі.	1	
8	М.Өтемісұлы «Соғыс», «Қызығыш құс»	1	
9	Ы.Алтынсарин. «Өзен» өлеңін оқыту жаттау.	1	
10	Шығармашылық жұмыс.	1	
11	Абай Құнанбайұлы «Табиғат туралы әндер»	1	
12	Абай Құнанбайұлы. «Қыс» өлеңі	1	
13	Т. Айбергенов «Ана»,	1	
14	Көркем тәсіл – сөз бояуы. С. Сейфуллин « Сыр сандак»	1	
15	Поэзия! Сен менімен егіз бе едің»	1	
16	Табиғат ғажайыптары саяхат сабак.	1	
17	Жұмбақтар құрау, жинақтау	1	
18	Әтірік өлең жазуды үйрету.	1	
19	Өлең жазуды үйрену.	1	
20	Мәнерлеп оқу сайсытарына қатысуға дайындық	1	
21	Жерлес ақын Н.Шолтышұрғымен кездесу.	1	
22	Н.Ә. Назарбаевтың ұлағатты сөздерінен кітапша жасау	2	
23	Абайдың қара сөздерін оқу, талдау	2	
24	Менің сүйікті шығармам (өлең)	1	
25	М.Жұмабаевтың жастар туралы өлеңдері	1	
26	Ж.Нәжімеденов өлеңдері	1	
27	Ф.Оңгарсынованың өлеңдері	1	
28	«Жас қалам» газетін шығаруға дайындалу.№2	2	
29	«Өлең, мен сені аялап өтем!» көркемсөз оқу сайысы	1	
30	«Ешкімде ешқашанда ұмытылмайды!»эссе жазу.	1	
31	Ыбырай Алтынсариннің өлеңдерін мәнерлеп оқу.	1	
32	Мұқагали өлеңдерін мәнерлеп оқу.	1	
33	Жамбыл өлеңдерін мәнерлеп оқу.	1	
34	Аныз адам.	1	